

Түркістан облысы Сайрам ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 545 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қарашада № 5272 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31 бабының 2 тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес Сайрам ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысы Сайрам ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сайрам ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 сәуір № 166 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4586 тіркелген, 2018 жылдың 4 мамырында "Мәртөбе" газетінде және 2018 жылғы 3 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Шәріпбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Мамаев

"КЕЛІСІЛДІ"

**"Түркістан облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары**

басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ Р. Ибрагимов
" " _____ 2019 жыл

Сайрам ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "28" қарашадағы
№ 545 қаулысымен бекітілген

Түркістан облысы Сайрам ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р/ с	Автомобиль жолдардың индексі	Автомобиль жолдардың атауы	Автомобиль жолдардың мекен жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KXSR-1	"Қарасу -Ақбай-Жаңатұрмыс-Бескепе-Ынтымақ"	0-8,7	8,7
2	KXSR-2	"Ақбұлақ-Ақбастау"	0-4,3	4,3
3	KXSR-3	"Қожакорған-Нұржанқорған-ГРС"	0-5,2	5,2
4	KXSR-4	"Қожакорған-Ханқорған-Көлкент"	0-8,9	8,9
5	KXSR-5	"Оймауыт-КХ-37 облыстық маңызы бар автомобиль жолы"	0-5,3	5,3
6	KXSR-6	"Қасымбек датқа-Тоған-Сарыарық"	0-12,5	12,5
7	KXSR-7	"Ақсуабат-Қарабұлақ"	0-4,5	4,5
8	KXSR-8	"Ақсуабат-Шапырашты-Береке-Ынтымақ"	0-5,5	5,5
9	KXSR-9	"Ақкала-Сарқырама"	0-10,6	10,6
10	KXSR-10	"Манкент-Сайрам көшесі-КХ-3 облыстық маңызы бар автомобиль жолы"	0-3,2	3,2
11	KXSR-11	"Манкент -Жалалата көшесі- KXSR-21 аудандық маңызы бар автомобиль жолы"	0-1,6	1,6
12	KXSR -12	"Манкент - Қалдаман көшесі- KXSR-21 аудандық маңызы бар автомобиль жолы"	0-5,2	5,2
13	KXSR-13	"Құрлық -Асанбаев көшесі- М-32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы"	0-3,6	3,6
14	KXSR-14	"Ақсу -Ы.Иманалиев көшесі- "Манкент" темір жол станциясы- KXSR-21 аудандық маңызы бар автомобиль жолы"	0-3,3	3,3
15	KXSR-15	"Жібек Жолы-Машат"	0-3,5	3,5
16	KXSR-16	"Ақсу- Ы.Иманалиев көшесі-Әйтеке би-Ынтымақ"	0-8,1	8,1
17	KXSR-17	"Теспе - КХ-38 облыстық маңызы баравтомобиль жолы"	0-2,6	2,6
18	KXSR-18	"Алаш-Манкент- Сиқым-Жібек Жолы- М-32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы"	0-13	13
19	KXSR-19	"Қарасу-Ақбастау- Шымкент қаласының шекарасы"	0-7,6	7,6
20	KXSR-20	"Ақбұлақ- Шымкент қаласының шекарасы"	0-6	6

21	KXSR-21	"М-32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы- Манкент-Ақсу-Қарасу ауылының шекарасы"	0-10	10
22	KXSR-22	"КХ-3 облыстық маңызы бар автомобиль жолымен КХSR-19 аудандық маңызы бар автомобиль жолы аралығындағы өткел" (Ақсу өзені арқылы)	0-0,7	0,7
23	KXSR-23	"Жаңатұрмыс-Құрлық- М-32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы"	0-3,3	3,3
24	KXSR-24	"KXSR- 6 аудандық маңызы бар автомобиль жолы- Р-32 республикалық маңызы бар автомобиль жолы"	0-3,3	3,3
Сайрам ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы:				140,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК